


«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұғалжар аудандық білім
бөлімі» ММ-нің әдістемелік
кабинет әдіскері

 Г.Ж. Нұрмағанбетова
«08» 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК меңгерушісі

 К.С. Медеуова
«08» 09 2020 ж.

Вариативтік компонент

«Шебер қолдар»

Бағдарламаны дайындағандар:
№13 «Балақай» МАД тобының
тәрбиешілері Михаеш Г.М
Оразалы Ұ.Д

Қандыағаш қаласы

Түсінік хат

«Шебер қолдар» бағдарламаның жүктемесі аптасына 1 рет өткізіледі. Барлығы 36 сағат. Мектепке дейінгі кезең – жарқын әрі адам өміріндегі қайталанбас кезең. Дәл осы кезеңде балаларда тұрмыстық ортамен, адамдар әлемімен, табиғатпен, заттар әлемімен байланыс жүргізіледі. Білуге құмарлығы дамиды, шығармашылық қызығушылықтары пайда болады. Ең қызықты көркемдік-эстетикалық бағыттың бір түрі қағаздардан бұйымдар құрастыру. Қағазбен, табиғи материалдармен жұмыс істеу барысында маңызды білгіштер қасиеттер, сонымен қатар шығармашылық таланттарының іргетасы қаланады.

«Шебер қолдар» бағдарлама бөлімнің мазмұны балаларда қағазбен табиғи материалдармен жұмыс жасау барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды деп болжайды.

Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттерді дамытуға қажетті құралдарды таңдап алуға, жақсы нәтиже көрсетуге деген талпыныс, меңгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, қағаздардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау сияқты қабілеттер пайда болады.

Қағаздардан табиғи материалдардан бұйымдар жасаудың ең маңызды мақсатының бірі баланың жеке тұлға болып қалыптасуы, оның икемділігімен шығармашылық қабілеті, зиялылығын дамыту. Шеберлікке үйрету балалардың табиғи өзіндік қабылдауын жоймайды. Қағаздан құрастыру үрдісі арқылы балаларда жалпылай ойлау, көркемдік талғам, жинақылық дамиды. Қағаздан құрастыру іс-әрекеті баланың көңілін шоғырландырады себебі бұйым жасау үрдісінде ойлауға, ауызша түсіндіргенді қабылдауға сонымен қатар есте сақтау қабілетін жақсартады.

Қағаздан құрастыру барысында балалар бүктеу, қию, желімдеу сияқты жұмыстың түрлерімен танысады. Балаларда қолмен жұмыс жасау, нақты қозғалыстарға саусақтарды үйрету, көз өлшемдерін дамытады. Бұйым жасау үрдісі барысында түс, пішін, көлемдерді бір-бірінен айыра білуге үйренеді. Қағазбен жұмыс жасаудың ең маңызды сәті – балалардың өзіндік шығармашылық іс – әрекетімен байланыстыру.

Бағдарламаның мақсаты

1. Еңбекіс-әрекетінің психикалық алғышартын қалыптастыру.
2. Нәтижеге деген қызығушылық және соған деген мақтаныш сезімін ояту, сапасының жақсы болуына талпындыру.
3. Қарапайым қағазбен жұмыс жасау арқылы интеллектуалды және эстетикалық қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері

1. Қағазбен табиғи материалдармен түрлі жұмыс жасауды үйрету;
2. Балаларды негізгі геометриялық түсініктермен: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, бұрыш, биіктік сияқты түсініктермен таныстыру;
3. Қағаздан түрлі композициялық бұйымдар жасау;
4. Есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауларын дамыту;
5. Көз және қол өлшемдерін дамыту;
6. Көркемдік талғамдарын шығармашылық қиялдарын дамыту; қолмен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту, нақты саусақ қозғалыстарына үйрету;
7. Қағазбен табиғи материалдармен жұмыс жасауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу; еңбек дағдыларымен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; ұқыптылыққа, материалдарды ұқыпты және үнемдеп пайдалануға, жұмыс орнын таза ұстауға тәрбиелеу.

Оқыту формалары:

1. әңгіме, әңгімелесу, ертегі;
2. көрнекіліктерді қарау;
3. жұмыстың орындалу кезеңдерін көрсету үлгілері.

Күтілетін нәтижелер:

1. қағазбен табиғи материалдармен жұмыс жасаудың түрлерімен танысады;
2. ауызша түсіндіргенді қабылдай білуді үйренеді;
3. қағаздан түрлі композициялық бұйымдар жасай алуды үйренеді;
есте сақтау, ойлау қабілеттері жақсарады;
4. көз және қол өлшемдеріне үйренеді;
5. көркемдік талғам шығармашылық қиялдары жақсарады;
6. қағазбен табиғи материалдармен жұмыс жасаудың түрлі техникаларымен танысады;
7. еңбек мәдениетінің дағдыларын қалыптастырады;

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның тәрбиешілері
Г.М.Михаеш
Ұ.Д.Оразалы
«Шебер қолдар»
атты бағдарламасына

Пікір

Берілген бағдарлама тақырыбы: «Шебер қолдар».

Негізгі мақсат: мектепке дейінгі қайталанбас кезеңде бала бойына шығармашылық қабілет, еңбексүйгіштік, қоршаған ортамен байланыс, білуге құмарлық дағдыларын қалыптастыру. Жұмыс негізі педагогика және бейнелеу өнерінің педагогтары: Қ.Т. Байғабылова, Ғ.Т. Момынәлиева, Д.Ж. Мамырбаева, Е.В. Козлова еңбектеріне сүйеніп жазылған.

Мектепке дейінгі шақта баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсаты көзделген.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек... Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Шығармашылық баланың ақыл-ойы мен эстетикалық талғмының дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан бағдарлама баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың шығармашылық жұмыстарға қызығушылығын дамыту мақсатын көздейді.

Бағдарлама мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне 36-сағатқа құрылған.

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК әдіскері:  Г.С.Құлжанова

Тақырыптық жоспар
Вариативтік бөлім
«Шебер қолдар»
№ 13 «Балақай» МАД тобы

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін күні
1	«Қағаздан не құрастырылады?»	1	
2	«Мысық пен тышқан»	1	
3	«Саңырауқұлақ» оригами	1	
4	«Шебер қолдар».«Тасбақа»	1	
5	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс.	1	
6	«Досыма арналған альбом»	1	
7	«Гүлдер.Қағаздан біріктіру»	1	
8	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	1	
9	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами	1	
10	«Жұлдызқұрт»	1	
11	«Кірпі»	1	
12	«Балық»	1	
13	«Шырпы қораптарынан машина жасау»	1	
14	«Сандықша»	1	
15	«Жол белгілері» .Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	1	
16	«Рамкалар жасау»	1	
17	«Шырша»	1	
18	«Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	1	
19	«Аққала»	1	
20	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	1	
21	«Шебер қолдар».«Пингвин»	1	
22	«Өз бетінше жұмыс»	1	
23	«Үй»	1	
24	«Көңілді шеберхана»	1	
25	«Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)	1	
26	«Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс)	1	
27	«Қамшы өру»	1	
28	«Кұстар ұясы»	1	
29	«Желкенді қайық»	1	
30	«Ұшақ»	1	
31	«Табиғи материалдармен жұмыс»	1	
32	«Үйрек» (Оригами)	1	
33	«Көгершін» (Оригами)	1	
34	«Мимоза тармақшалары»	1	
35	«Кеме» (Оригами)	1	
36	«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»	1	

№	Тақырыбы:	Мақсаты	Қосымша оқыту, көрнекіліктер
1.	«Қағаздан не құрастырылады?»	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.	түрлі-түсті қағаздан қиылған жолақтар (ені 5см), ақ қағаз (А4), желім, қайшы, қолорамал, қылқаламдар.
2.	«Мысық пен тышқан»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.	қағаз, кепкен жапырақтар.
3.	«Саңырауқұлақ» оригами	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.	Тақырыптық суреттер Қағаз түрлері, желім, қайшы.
4.	«Шебер қолдар». «Тасбақа»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	Тасбақаның суреті, жаңғақтан, ермексаздан жасалған тасбақа.
5.	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс.	Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Пайдалануға жарамсыз заттар.
6.	«Досыма арналған альбом»	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	Дос туралы тақпақтар, альбом түрлері. Үлгі
7.	«Гүлдер. Қағаздан біріктіру»	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	Тақырыптық суреттер. Дайын үлгідегі күнбағыс, жіптер.
8.	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.	Иттің суреті, табиғи материалдар
9.	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами	Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	Себет, слайд. Ермексаз, тұзды қамыр, сазбалшық, себет
10.	«Жұлдызқұрт»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.	Жұлдызқұрт суреті, жер жаңғақ, ағаш жапырақтары, бояулар.
11.	«Кірпі»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишқалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	Тақырыптық суреттер, шишқалар, ермексаз.
12.	«Балық»	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.	Балықтың суреті. Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
13.	«Шырпы қораптарынан	Пайдалануға жарамсыз заттардан	Шырпы

	машина жасау»	машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	қораптары,желім,қайшы.
14.	«Сандықша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан,қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.	Қағаз, қорапша,кілей,қайшы.
15.	«Жол белгілері» .Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	Жол белгілері туралы өлеңдер. Түрлі-түсті қағаз, қорапша,желім,қайшы.
16.	«Рамкалар жасау»	Балаларға жарамсыз заттарды,дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.	Суреттер, дәндер,рама.
17.	«Шырша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету.Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Суреттер, шырша үлгісі,қалдық материалдар.
18.	«Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз,желім,қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза,ұқыпты желімдеуге үйрету.Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	Суреттер, түрлі-түсті қағаздар,желім, қайшы.
19.	«Аққала»	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасату.	Қағаз түрлері,желім,қайшы.
20.	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	Қағаз түрлері,пайдалануға жарамсыз заттар,желім,қайшы.
21.	«Шебер қолдар».«Пингвин»	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексасдан пингвин жасауды үйрету.	Пингвин суреті. Пластикалық бөтелке , ермексаз.
22.	«Өз бетінше жұмыс»	Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.	Түрлі түсті қағаз,желім,пластикалық бөтелкелер,ермексаз.
23.	«Үй»	Балаларға пластикалық ыдыстардан,пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.	Пластикалық ыдыстар , пенопласт.
24.	«Көңілді шеберхана»	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру.Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету.Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	Түрлі-түсті қағаздар, желім,қайшы.
25.	«Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп,бетіне ине қадағыш жасау.	мочалка (губка),желім, қайшы.

26.	«Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	Табиғи материалдар, қайшы, желім.
27.	«Қамшы өру»	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	Түрлі түсті жіптер.
28.	«Құстар ұясы»	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.	Тақырыптық суреттер, пластикалық ыдыс.
29.	«Желкенді қайық»	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.	Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз.
30.	«Ұшақ»	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынан сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.	Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
31.	«Табиғи материалдармен жұмыс»	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.	Суреттер, табиғи материалдар, жүн, желім, қайшы.
32.	«Үйрек» (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.	Үйрек суреттері, қағаз, желім, қайшы.
33.	«Көгершін» (Оригами)	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Суреттер, құстардың макеті.
34.	«Мимоза тармақшалары»	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	Суреттер, дөңгелек заттар.
35.	«Кеме» (Оригами)	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалғастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.	Суреттер, қағаз, желім, қайшы.
36.	«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	Суреттер, жасаған жұмыстар.